

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: «Жаратылыстану»

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы, маусымға тән өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.

Білімділігі: Жылдың төрт мезгіліндегі құбылыстарды салыстыру және ажырата білу.

Дамытушылығы: Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, сөйлеу қабілетін дамыту.

Тәрбиелілігі: Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: Тақырыпқа сай сурет үлгісі.

Шаттық шеңбер.

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

-Балалар, қарандаршы, менің қолымда түрлі түсте дөңгелектер бар. Бұл дөңгелектердің түсі осы төрт жыл мезгілін сипаттайды.

-Балалар, менің қолымдағы ақ түс – қыс мезгілін сипаттайды, өйткені қыста жер бетін аппақ қар басады, ауа тазарады, сырғанақ тебеміз, шанамен ойнаймыз. Бұл қыстың жағымды жақтары. Сонымен қатар қыстың да жағымсыз жақтары бар екен, балалар,

-Аяз, боран, суық.

Енді балалар, көк түс ол – көктем мезгілі. Көктем мезгілінде табиғат жаңарып, ағаштар бүршік атады, күн жылынып, жер жүзі көкке оранады, құстар жылы жаққа ұшып келеді. Ал, жағымсыз жақтары қар еріп жаңбыр жауып жер балшық болады.

Көктем мезгілінен кейін қандай жыл мезгілі келеді?

-Жаз мезгілінде күн ыстық болады,ол жағымсыз жағы,жаз мезгілінде суға түсеміз,жемістер піседі.

-Одан кейін балалар,күз мезгілі келеді.Күзде көкөністер пісіп,қамбалар астыққа толады. Ағаштан жапырақтар сарғайып түсіп айнала сап-сары алтынға оранады.Күз мезгілінің жайсыз жақтары-жаңбыр жауып,күн суық болады.

-Балалар,бағанадан бері жыл мезгілдерін атадық,олардың жақсы-жаманын айыра білдік.

Сергіту сәті.

Күндей болып күлеміз

Гүлдей болып өсеміз

Құстай болып ұшамыз

Көбелектей қонамыз

-Балалар,бүгін қызықты не білдік?

-Жыл мезгілдерінде қандай өзгерістер болады екен?

-Жыл мезгілінің суық немесе жылы болатынын,жағымды және жағымсыз екенін білдік пе?

-Жарайсыздар,бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізге жақсы қатысқан балаларға көп рахмет!

№11 «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасы

«Жыл мезгілдері»

Тәрбиеші: Аленова.Б.С

1 кіші 1 «Еркетай» тобы

Атырау-2022ж